

3. *Lingvisticheski ensiklopedicheski slovär.* – M.: Sovetskaia ensiklopedia, 1990. – s. 401.
4. *Stepanov İu.S. Älternativnyi mir, Diskurs, Fakt i princip prichinosti // İazyk i nauka konsa XX veka / pod red İu.S. Stepanova.* – M.: Institut iazykoznanıa RAN: İzdatelski sentr Rosiskogo gosudarstvennogo gumanitarnogo universiteta, 1995. – s. 35-73.
5. *Konsept «prichina» i dva podhoda k konseptuälnomu analizu iazyka – logicheski i sublogicheski // Logicheski analiz iazyka. Külturnye konsepty.* – M.: Nauka, 1991. – s.5-14.
6. *Zolotova G.A. Ocherk funkcionälno sintaksisa ruskogo iazyka.* – M.: KomKniga, 2005. – s.352
7. *Apresän İu.D. İzbrannye trudy, Leksicheskaia semantika.* – M.: Şkola “İazyki ruskoi kültury”, İzdatelskaia firma “Vostochnaia literatura” RAN, 1995. – T. I. – s.472
8. *Bulygina T.B., Şmelev A.D. İazykovaia konseptualizasia mira (na materiale ruskoi gramatiki).* – M.: Şkola «İazyki ruskoi kültury», 1997. – s.181-189.
9. *İvanov Väch.Vs. Tipologia lişitelnosti (karitivnosti) // İvanov Väch.Vs., Maloşnaia T.N., Golovacheva A.V., Sveşnikova T.N. Etüdy po tipologii gramaticheskikh kategori v slavänskih i balkanskih iazykah.* – M.: İNDRİK, 1995. – s.5-59.
10. *Teoria funkcionälnoi gramatika. Personälnoşt. Zalogovöst.* – SPb.: Nauka, 1991. s – 370.
11. *Suleimenova E.D. Ponätia smysla v sovremennoi lingvistike.* – Alma-Ata: Mektep, 1989. – s.160..

МРНТИ 17.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.10>

Дюсембина Г.Е.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДІГІ ЭКСПРЕССИЯ МЕН ЭМОЦИЯНЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР, МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ КӨРІНУ СИПАТЫ

*Аңдатпа*

Қазіргі баспасөзде экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілетін эмоционалдық реңкі оны саяси маңызды, мағынасы терең, халыққа ұғынықты және демократиялық принципке сай деп айтуға толық мүмкіндік береді. Мерзімді баспасөз тілінің лексикасы барынша стандартты келеді десек те, әдеби тілге тән экспрессивтік тілдік құралдар баспасөз тілінің де шарайын кіргізіп, эмоционалдық реңк үстемелейді. Аталмыш мақаламызда мерзімді баспасөздегі экспрессия мен эмоцияны білдірудегі психолингвистикалық құрылымдар, яғни фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер сынды тілдік құралдардың қолданылу ерекшелігі мен түрлері, жасалу жолдары мен рөлі турасында сөз қозғалады.

Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер – экспрессивтілігі өте күшті, образдылығы жағынан маңызды қызмет атақаратын стильдік құрылымдар. Олар баспасөз беттерінде өзгермеген қаз-қалпында да, инварианттық құрылым түрінде де, адресант тарапынан өзгеріске ұшырап та қолданылады. Мұндағы осы жанрдың функционалдық стиліне орай, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді эмоционалды әсерлі етіп шебер суреттеуде мол мүмкіндіктер береді.

**Түйін сөздер:** экспрессия, эмоция, саяси дискурс, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, таным, «әлем суреті», баспасөз, адресант-адресат, билік т.б.

*Dyusembina G.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical University named after Abay,  
Almaty, Kazakhstan

## THE NATURE OF EXPRESSION AND EMOTION IN PERIODICALS THROUGH PHRASEOLOGICAL UNITS, PROVERBS AND SAYINGS

*Abstract*

Today the expressive means and stylistic devices can be found in newspaper style. They give opportunity to understand that the emotional style and democratic importance which support to understand its deep meaning by the public. The language in periodic newspapers is according to the literary standards and expressive means and stylistic devices give expressiveness and emotional colouring of the language. The current article touches upon the psycholinguistic structures, especially phraseological units, proverbs and sayings which give the expressiveness and emotional colouring in newspapers.

Proverbs, sayings, winged expressions, phraseological expressions are stylistic structures that have a very strong expressiveness and significant figurative activity. They are used on print pages both unchanged and in the form of an invariant

structure that undergoes changes on the part of the addressee. Here, due to the functional style of this genre, it provides ample opportunities in the artful portrayal of social, political and social problems in an emotional way.

**Keywords:** expression, emotions, political discourse, phraseological units, proverbs, winged expressions, cognition, "picture of the world", press, addressee-addressee, power, etc.

Дюсембина Г.Е.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет им. Абая,  
Алматы, Казахстан

## ХАРАКТЕР ВЫРАЖЕНИЯ ЭКСПРЕССИИ И ЭМОЦИЙ В ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ ЧЕРЕЗ ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ, ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ

### Аннотация

Эмоциональный окрас сегодняшней периодической печати, передаваемый посредством языковых средств экспрессии и эмоций, можно сказать, дает полную возможность говорить, что он полностью соответствует политической сущности, глубокому содержанию и принципам демократичности. Сколько бы ни говорили, что лексика периодической печати стандартна, но, присущие литературной речи, экспрессивные языковые средства преобразовывают язык печатных средств, усиливая их эмоциональный окрас. В настоящей статье речь идет об особенностях и видах, способах образования и роли психолингвистических структур, то есть фразеологизмов, пословиц и поговорок, крылатых слов, применения языковых средств при выражении экспрессии и эмоций в периодической печати.

Приходим к мнению, что политическому дискурсу в отечественной периодической печати присущи эмоциональность и выразительность, и они выражаются в различных фразеологизмах, пословицах, поговорках.

Пословицы, поговорки, крылатые выражения, фразеологические выражения - стилевые структуры, обладающие очень сильной выразительностью, значимой по образности деятельностью. Они используются на страницах печати как в неизменном виде, так и в виде инвариантной структуры, претерпевающей изменения со стороны адресанта. Здесь, в силу функционального стиля этого жанра, он дает широкие возможности в искусном изображении общественных, политико-социальных проблем в эмоциональном ключе.

**Ключевые слова:** экспрессия, эмоции, политический дискурс, фразеологизмы, пословицы, крылатые выражения, познание, «картина мира», пресса, адресант-адресат, власть и др.

**Кіріспе.**Баспасөз және насихат құралдары тілдің бағалауыштық мүмкіндігін пайдалана отырып, құндылықтар жүйесін реттеп, сол арқылы аудиторияға әсер етуді көздейді. Аудиторияның ақпаратты қабылдауы, түсінуі ақпараттық хабарламада адресант жеткізгенген оқиғаға берілген бағаға байланысты болады. Тілдік бағалауыш құралдарды реттеу арқылы тек ақпараттың қабылдануы мен түсіндірілуін ретке келтіріп қана қоймай, шынайы өмірдегі саяси мәні бар оқиғаларға деген көзқарасқа бағыт беруге болады [1., 6].

Танымдық процесс негізінде дамыған адам санасы объекті мен субъектінің арасындағы эмоционалдық қатынасты қалыптастырады. Эмоция, психологтар мен философтардың айтуынша, объективті шындықты бейнелеудің, танып білудің және бағалаудың түрі әрі ол адам әрекетінің негізі болатын қажеттілікпен тікелей байланысты.

Танымдық процес сананы дамытады, өйткені объекті мен субъекті арасындағы күрделі қарым-қатынас адамды ойға жетелейді. Қоғам бар жерде адам, адам бар жерде таным процесі жүріп жатады.

Публицистика мәтіндеріндегі экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілуі жайы назар аударарлық мәселе. Публицистикалық шығармалардың тақырыптары әр алуан, заман қажеттігіне орай әр қилы болып келеді.

А.Н. Гвоздев бұл стильдің интеллектуалдылықты, көркем тілдік құралдарды тандап алу мен оларды орынды қолдануды талап ететін, оқырмандар мен тыңдармандарды тәнті ететін қатал логикалық ой-тұқырымның, көркемдіктің және оқырманның терең толғанысы мен күреске ұмтылысының эмоционалдылықтың жүйесін құрайтынын нақтылап көрсеткен[2.,25].

**Әдістеме.**Жұмыстың зерттеу барысында қол жеткен тұжырымдары мен түйінді нәтижелеріЖОО-ның филология факультеттерінде арнаулы лингвоаксиологиялық бағыттағы арнаулы курстардаталдау жүргізу үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің этнолингвистика,когнитивтік лингвистика, көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәндерінен қосымша дәріс оқуғапайдалануға болады.Күрделі мазмұнды өмірдің ырғағы әрбір публицистен шұғыл ойлауды, әлеуметтік шындықты терең түсінуді, ой-тұжырымын халыққа ықшам түрде әрі көркем, әрі ұғынықты жеткізуді талап етеді. Ал мұндай әрекеттің публицистикалық стильдің лексикалық сипатын қоюландыра түсері сөзсіз [3., 197]

**Нәтижелер.**Газет тілінің маңызды функциялары ақпараттық болумен қатар, үгіт-насихаттық, әсер етушілік және экспрессивтік болмақ. Соңғы екі функция газет тілінде мағыналық жағынан аса жақын: үгіт-насихат батыл айтылғанда, әсер етушілік пен экспрессивтік қатар жүретіні анық. Сондықтан мерзімді баспасөз тілі стандарттан, штамптан ауытқып, журналистің ойы экспрессивті түрде жеткізіледі.

Газеттің экспрессивті функциясы үгіт-насихаттық бағыттан айқын көрінеді және ол сөздің ашық бағалаушытық сипатын танытады.

**Талқылау.** Мәселен, қазақ тілі лексикасында мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер мен қанатты сөздер, мағыналары терең болғандықтан, адресанттың ойын әріден толғап, адресатқа анағұрлым нақты әрі әсерлі етіп жеткізеді. Бұлар сөз бен сөйлемдерге экспрессивтік реңк беретін болғандықтан адресант үшін аса ыңғайлы. Айшықтық, бейнелік, көркем суреттеу мүмкіндігі мол мұндай стилистикалық қолданымдар публицистикалық саяси дискурстардың экспрессивтік-эмоционалық мағынасын тереңдете түсіреді.

*Билік жауырды жаба тоқымын десе де, бірталай дүниенің беті ашылды («Жас Алаш», 31.12.2009).*

*Дәл қазір республиканың барлық аймағында қымбатшылық қос бүйірден қысып тұр («Жас Алаш», 10.11. 2011).*

*Болашақ ұрпақ “осындай бассыздыққа қарсы бас көтермей, не қарап қалдың?” деп бетіме түкіргенін қаламаймын («Жас Алаш», 07.05.2013).*

*Мұны құлағына құйып өскен ұрпақ ұлтишыл, отанишыл болып ержетті. Қазақ хал-қына да сондай тәрбие құралы керек. Ол соғыс немесе өткен тарих болмай-ақ қойсын, бірақ қоғамды біріктіретін, үміт ұялататын құндылық табу қажет-ақ («Жас Алаш», 28.12.2010).*

Осы сөйлемдердегі қара курсивпен көрсетілген идиомалық тіркестер - автордың сөзіне түрлі эмоционалық реңк беріп тұрған көркемдеу тәсілдері.

Ал, **беті ашылу** («мәлім болу, анықталу»), **қос бүйірден қысу** («қынау»), **бас көтермеу** («қарсы келмеу»), **бетке түкіру** («өкпелеу, ренжу»), **құлағына құйып өсу** («естіп, тыңдап өсу»), **үміт ұялату** («үміттену») фразалық тіркестерін қолданылу арқылы адресант өзінің ішкі ойын өте әсерлі жеткізген.

*Ауылдан қалаға ағылғандардың, айлығы шайлығына жетпей отырған ата-аналардың, екі қолға бір күрек таба алмай сандалған жұмыссыздардың, зейнетақыға күні қарап қалған отбасылардың, мемлекеттің болмашы жәрдемақысын талшық етіп жүргендердің қалтасы көтереді дегенге сену қиын-ақ («Жас Алаш», 30.08.2011).*

*Дәл қазір толық електен өткізетін болса, республикада мемлекет белгілеген дәл осы талаптарға сай келмейтін білім ошақтарының саны жыртылып, айырылады. Әйтсе де, жасыратын несі бар, танымал тұлғаларымыздың барлығы дерлік денсаулық саласындағы кем-кетіктерді ашық айтуға жасқанып, жауырды жаба тоқитыны анық («Жас Алаш», 30.08.2011.)*

*Мәселен, Қызылорда облысындағы көлік ізі сирек түсетін қашықта жатқан елді мекендер баршылық. Ондағы мектептерге қай чемпион немесе жүлдегер спортшы ат басын бұрып, “денсаулық” тақырыбында сабақ оқымақ? («Жас Алаш», 03.12.2009).*

*Енді ҰҚК-нің төрағасы қайтер екен? Қарамағындағыларды шынымен де отқа тастай ма, әлде... («Жас Алаш», 03.12.2009).*

*Шындығында, бүгінгі қазақ зиялысының сөзге қыры болғанымен, табанында бүрі жоқ. Нысанаға алған бетімен қасқайып тұрмай, жеме-жемге келгенде тайқып шыға береді. Осыдан кейін елдің шеті мен желдің өтінде тұратын ұлт азаматтары “қазақтың ұл-қыздары кімнен үлгі алуы тиіс?” деп ойлайсың. Ұрпаққа талғамды тәрбие, салиқалы саясат, салауатты өмір мен сындарлы тарихты қалыптастыратын қазіргі қоғамның келбеті неге мың құбылады? («Жас Алаш», 13.10.2011).*

*Мұның астарында бүгінде дәуірі жүріп тұрған Құлыбаевтың ықпалынан жасқану жатқан сияқты («Жас Алаш», 13.10.2011).*

Ал **айлығы шайлығына жетпеу** («қаражаты ішіп-жеміне жетпеу»), **екі қолға бір күрек таба алмау** («жұмыссыздық, жұмыс тапшылығы»), **күні қарап қалу** («»), **талшық етіп жүру** («күнелту, асырау, өмір сүру»), **қалтасы көтермеу** («жағдайы келмеу»), «ақшасы тапшылығы тап болу, белгілі бір нәрсеге тәуелді болу»), **көлік ізі сирек түсу** («өте шалғай, алыс»), **ат басын бұру** («көңіл болу»), **отқа тастау** («сатқындық жасау»), **жауырды жаба тоқу** («кешілігін жасырды»), **сөзге қыры болу** («сөзге иешен, сөзге шебер»), **табанында бүрі болмау** («айтқанына тұрмайтын жалтақ, табансыз»), **жеме-жемге келгенде** («бірме-бір келгенде, мезгілі жеткенде **тайқып шығу** өз сөзінде тұрмау, жалтақ болу»), **келбеті мың құбылу** («келбеті сан алуан түрге түсті») т.б сияқты сөйлем құрылыстары да адресанттың өз қаламынан туған шеберлік деуге болады.

Бейнелі, астарлы мағынада қисынды жұмсалатын осындай фразеологиялық құрылымдар көркем дүниенің поэтикалық деңгейін биіктетеді. Белгілі ғалым Р. Сыздық Абай өлеңдеріндегі фразеологизмдердің поэтикалық экспрессиясын көрсетудегі маңыздылық турасын айқындай отырып «Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірінен түйсуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек белгілі бір қаламгерлердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып, тану ерекше орын алады» - деген пікірі өте орынды айтылған [4., 95].

Белгілі ғалым Г. Смағұлова адамдардағы түрлі сезімдік қатынастар мен эмоцияны білдіру үшін фразеологизмдердің мағыналық қызметінің жоғары екендігін баса айта отырып «Әрбір жеке адамның өзіндік қабылдауынан туатын сезімдік «дүние суреті» әсерінің көрінісі лексикаға қарағанда, фразеологизмдердегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады», - дейді автор [5., 6].

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйенсек, **ұнатпау-жақтырмау-жек көру** сезімін білдіретін фразеологиялық тіркестер тобы баспасөз дискурстарында өте көп ұшырасатынына көз жеткіздік. Сөзіміз негізсіз болмас үшін еліміздегі «Жас Алаш», «Дат» сынды мерзімді баспасөз беттерінен жаппай жинақталған материалдар бойынша бірер мысалдармен дәлелдей кетейік. *Мыс: Дағдарыстың қарқынынан үрейленген билік Ұлттық қордың қамбасын*

*ашуға мәжбүр болды.* («Жас Алаш», 31.12.2009) Осындағы *қамбасын ашуға мәжбүр болу* («қаражатын пайдалануға мәжбүр болу») - автордың ұнатпау сезімін білдіріп тұрған фразеологиялық тіркес.

Бюджеттің 495 млрд. теңгеге жетіспейтін қаржысының орнын қалай толтыруды қазірден қолға алмаса, зейнет жасын ұзарту, декреттік төлемдерді қысқарту арқылы ел қазынасының *бір бүйірі де жамала қоймайды.* («Жас Алаш», 07.05.2013) деген сөйлемдегі *бүйірі жамала қоймау* - деген фразеологиялық тіркесі жақтырмау сезімін білдіріп тұрумен қатар *кемшіліктердің түзелме қоймауы, жойылмауы, тәрізді сөз қолданыстарының* орнына ұтымды қолданылып, сөйлемнің экспрессивтілігін арттырып тұрғандығын анық байқауға болады.

Мәселен, келесі мысалға назар аударып көрелік. *Жауап алудан қашқан экс-әкім елден безіп, шетел асты. Түйені түгімен жұтқан оған «бюджет қаражатын жымқыру және қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану» бойынша айып тағылды.* («Жас Алаш», 04.04.2013).

Қазақ жерінде *жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың* жайлағаны социальдықты санамалап үлгермейміз. («Dat», 04.04.2014).

Нұрсұлтан Назарбаев шын мәнінде мүмкін емес істерді жүзеге асыра алған, тарихта талай есесі кеткен туған елінің арғы газырадағы бодандықты қозғап, қозғанының өзінде осыдан ширек газыр бұрын Мәскеу көлденең көк аттыны жібере салатын елдің есіктегі басын төрге алып шыққан адам. («Жас Алаш», 28.12.2010)

Осы мысалдардағы экспрессиясы аса жоғары жек көру сезімін білдіретін *елден безіп, шетел асты, түйені түгімен жұтқан, жең ұшынан жалғасу, көлденең көк аттыны жібере салу, есіктегі басын төрге алып шығу* деген мысалдарда нақты жағдайда дойыр әрекет жасайтын объектілер мен субъектілерге деген менсінбеу сезімін жоғары экспрессивті реңкте сипаттап тұр. Бұл жердегі «елінен ашақтап, шетелге қашып кету», «ойсырата жеген, параны көп алаған», «кім көрінген», «тығырқтан алып шығу, мерейін көтеру» сынды тіркестерге қарағанда бояу-реңкі анағұрлым басым. Ал егер осындағы әсерлі сөз қолданыстарды «елінен ашақтады», «параны көп алаған» деген тіркестермен алмастырса, сөйлемнің эмоционалдығы солғындап, тіпті байқалмай да қалар еді. Бұл жерде адресант қара сөзге поэтикалық сарын беріп, оны экспрессивті ретінде *стилема* етіп пайдаланған. «*Стилема* – белгілі стильдік жүк артылып қолданылған тілдік элементтер: жеке сөздер, фразеологизмдер, грамматикалық тұлғалар», - дейді белгілі ғалым Х. Махмудов [6., 288]. Осы тұғыдан келгенде Л.А. Васильевтің жай сөз заттың, көзқарастың рационалды бағасын ғана білдіретін болса, фразеологиялық тіркес бұған қоса сөйлеушінің айтып отырған оқиғасына айрықша қатысын, сезімін білдіретіні, яғни сөз мағынасының имплицативті компоненті эмоционалды-бағалаушылық жағынан ашыла түсетіні туралы пікірін құптауға болады [7., 181].

Жалпы жоғарда көрсетілген фразеологиялық тіркестердің қайсысын алсақ та, автор ойының түрлі эмоциялық көріністерін сипаттап тұр. Адресант болып жатқан жағдайды ұнатқандығын немесе жиренгендігін, яки болмаса сол әрекетті нақтылап, әсерлі етіп көрсеткендігін қолданып отырған тіркестерден анық байқадық.

«Өтпелі кезеңдегі» қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды образды түрде бейнелеу үшін адресант басқа тілдік құралдар сияқты, фразеологизмдерді де авторлық өзгеріске түсіріп (оказионал тұлғада) қолданып отырады. Соңғы кездегі баспасөз беттерінен мұндай бір қолданар идиомалық тіркестерді өте жиі кездестіріп жататынымыз анық.

Мәселен авторлар өз тарапынан да бейнелі сөз өрнектерін жасаған. Атап айтсақ:

*Ауыл тұрғындары жекешелендіру науқаны кезінде жұмыстан, үлестен құр қалып, амалсыздан кедейшілік қамытын мойындарына киді* («Жас Алаш», 28.04.2011).

*Зәкең аттан түспей тұрғанда қазақтың талай талай жігіттеріне көмектесті.* («Жас Алаш», 10.11.2011).

*Доктринаны түгелімен, астын сызып отырып оқып шықтым. Орысша жазылған, оның қазақша аудармасы қалай боларын білмеймін. Мұндай құжат әуелі қазақ тілінде дайындалуы тиіс емес пе?* («Жас Алаш», 15.12.2009).

*Бейбіт күнде шеру өткізгенше, соған жұмсалатын қаражатпен шенеуніктер бюджеттің жыртығын жамаса болмас па еді?* («Dat», 07.05.2013)

«Алматы» телеарнасындағы «Тіл сақшысы» деген жаңа бағдарламаның да ашылғанын *көзіқарақты көрермен* көріп, біліп жүрген болар. Қаниама мекемемен соттасып, қаниама мекеменің қатесін түзетіп, қазақтың қасіретімен *бетпе-бет алысып жатыр.* («Жас Алаш», 28.12.2010 ж.).

*Тәуелсіздік көкбайрағы желбірегелі табаны күректей 19 жыл өтті.* («Жас Алаш», 28.12.2010)

*Путин қоғамның көкірегіндегі осы бір қылдарды шертіп ойнағысы келеді*, – дейді Азаттық радиосына Мәскеуде орналасқан Саяси бағалау орталығының сарапшысы Павел Савин («Жас Алаш», 13.10.2011).

*Мұның астарында бүгінде дәуірі жүріп тұрған Құлыбаевтың ықпалынан жасқану жатқан сияқты* («Жас Алаш», 13.10.2011).

*Ел тани ма, танымай ма, биліктің кілті қолында тұрғанда Салидат Қайырбекова бұл мәселені шешудің тетігін табар*, бәлкім («Жас Алаш», 30.08. 2011).

Жолдың жайы ол кезде қандай екені есіңізде болар. Ал қазір барсаңыз, мақалада айтылғандай «Қара жорғаны» «билеп» қайтатыныңыз анық. («Жас Алаш» №35 (15493) 5 мамыр, сәрсенбі 2010)

Бұл мысалдардағы кедейшілік *қамытын мойындарына кию* («кедей болып қалу, кедейлікке ұшырау»), *аттан түспей тұру* («қолында билігі бар кезде»), *астын сызып отырып қарау* (өте мұқият, анық), *жыртығын жамаяу* («кемшілігін түзеу»), *бетпе-бет алысу* (күресу), *Тәуелсіздік көкбайрағы желбірегелі* (Тәуелсіздік алғаннан бері), *көкірегіндегі қылдарды шертіп ойнау* (өз мақсатына жетудегі мүмкіндіктерін пайдалану), *биліктің кілті қолында* (билігі жүру), «Қара жорғаны» «билеп» қайту («Қара жорға» биінің қимылдарын бейнелі түрде елестетуіне орай баламалы түрде туған тұрақты авторлық қолданыс, бұл жерде шұңқыр-шоқалақтарға тап болу деген мағынасында қолданылып отыр), *дәуірі жүріп тұрған* (мүмкіншілігі мол) – автор тарапынан

конструкцияланған фразеологиялық тіркестер. Адресант әлеуметтік кереғарлыққа, намыссыздыққа, жүдеген халық тұрмысына күйінеді, ашынады, оны мысқылдап әжу қылады.

*Бірақ қайда, қалай “ұшарын”, қайтіп, қалай “қонарын” білмеген соң, жұртқа қыран деп қарғаны, бұлбұл деп бытбылдықты көрсетіп әлек болып жүретін әдеті бар. («Жас Алаш», 28.12.2010).* Осы бір мысалдағы қос тағанды тіркестер де симметриялық байланыста және олар антоним болып контрастивті жұптар жасаған (*ұшу-қону, бұлбұл-бытбылдақ, қыран-қарға*).

Тіл білімінің білгірі А. Байтұрсынов «келтірінді сөйлем» деп атаған мақал –мәтелдерді, ғалымдар «тілдің әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының» бірі ретінде атай келіп, «халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы», - деген [8.,119].

Белгілі филолог А.А. Мұсабекова қазақ баспасөзінде осы бір көркем сөз оралымдары ішкі мағыналық байланысқа түсіп, ұтымды жымдасып, айтылғалы отырған ойдың эмоцияналдылығын арттырып отырудың түрлерін төмендегіше жіктеп, анықтаған. Олар: 1) Мақал-мәтелдерді тұлғалық өзгерістерге ұшыратпай, өз қалпында пайдалану арқылы эмоцияны білдіру; 2) Автор тарапынан өзгеріске ұшыраған инварианттар – мақал-мәтелдер арқылы эмоцияны білдіру; 3) Тұлғасы өзгертілмей, тұтастай автордың өз иелігіне айналған мақал-мәтелдер [3., 74-75]. Ғалымның мақал-мәтелдердің контексте мұндай жолдармен берілу тәртібін құптай келе, мұндай құбылыстардың баспасөз дискурстарында, әсіресе газет тақырыптарында жиі ұшырасатын құбылыстар екендігін анықтадық. Мысалы, халық мақалдарының қаймағы бұзылмай, ежелден келе жатырған қалпында қолданылуын келесі мысалдардың анық байқауға болады. Мыс: **“Қара қытай қаптаса, сары орыс әкеңдей көрінер”** дейтін мақал бар қазақта. Осы мақалды кім, қашан және неге шығарғаны біз үшін беймәлім. Шамасы, ел басына күн туған шақта айтылған сөз болса керек. Алайда бұл орыс бізге жанашыр дегенді білдірмейтінін уақыт төренің өзі дәлелдеді («Жас Алаш», 15.05.2014).

*Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов: «... Ұлтқа ұстаз болып отырған елбасының асқақ рух, сирек азаматтық еркі, қайрат пен ақылы, парасат пен пайымы, көрегенділік пен көсемшілдігі, ақиық ақын Махамбетше айтқанда, «Жайлап жатқан жерді елге толтыруды, жазалай жатқан сол елді малға толтыруды», көксеген арманы «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп жатса тұрса, ердің емес, елдің қамын жеген мемлекетшіл қайраткерлігі қашанда өрелі өнеге, үлкен үлгі», – деді («Жас Алаш», 10.10.2011).*

**«Атадан балаға баққан малың емес, еккен талың қалады».** Халық даналығы осылай дейді. Облыс әкімі Асқар Мырзахметовтің бастамасымен Шымкент қаласының шетінен жаңадан жасыл аймақ пайда болып, бір мың гектарға тал отырғызу қолға алынды («Жас Алаш», 22.10.2009).

Мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан тұрақты болып келгенімен, адресант шеберлігіне орай, түрлі өзгерістерге ұшырап қолданылатын жағдайлар да кездеседі. Ә.Қайдар «мұндай жағдайда олардың жалпы мазмұнына, мағынасына, бүкіл тіркеске негіз, дәнекер болып тұрған образ – бейнеге бәлендей нұсқан келтіре қоймайды», -дейді. Ғалым мұндай «тұлғалық модификацияларға ұшырау салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын» мақал-мәтелдердің түрлерін «инварианттар» деп атаған. Бұл ретте ғалымның «инварианттар» деген терминінің баламасы ретінде өз тарапымыздан «окказионал мақал-мәтелдер» немесе «окказионал сөз оралымдары» деген терминдерді пайдалануды ұсынамыз. Өйткені «окказионал» термині де бұл жерде «бір қолданар, жана қолданыс» деген мағынаға саяды. Сондықтан «инварианттар» терминінің орнына кей тұстарда «окказионал мақал-мәтелдер», «окказионал сөз оралымдары» дегеннің еш әбестігі жоқ есептейміз. Мәселен баспасөз бетінде жарық көрген мына бір өлең жолдарына назар аударалық:

*Аңы мысқыл батқаны-ай, шымбайыма,*

*Дегенмен, Ақыл, сені тыңдайын, ал:*

**(Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!)**

*Ағамның жығылайын ыңғайына («Жас Алаш» 05.05.2010).*

Төрт жол өлеңдегі тамаша үйлесім тапқан **«Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!»** деген мысалдағы мақалдың о бастағы қалыпты нұсқасы **«Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде».** Ал енді мысалымызда адресант өз жазғанының адресатқа әсерлі жетуі үшін әдейі **«Бас жарылса бөркім бар... кім көреді?!»** деп өзгеріске ұшыратып берген.

**Күйеудің өзі – жүз жылдық, ал әуресі – мың жылдық**(«Жас Алаш», 19.01.2010) деген мысалдағы мақалдың ежелгі нұсқасы көпшілікке мәлім. *«Күйеу-жүз жылдық, құда - мың жылдық»* деген мақалдың стильдік өзгеріске ұшырап, инвариантталған нұсқасы болып табылады. Бұл жерде мұндай стильдік өзгеріске ұшыраған көркем сөз оралымдары сөйлемге ықшамдылық, дәлдік, эмоционалдық сипат беріп тұрғанын анық.

Үшінші тұтастай автордың өз иелігіне айналған мақал-мәтелдер өте жиі ұшыраспа да, саяси дискурстарда бірлі-жарымды ұшырасып отырады. Мысалы: *Шындығында, бүгінгі қазақ зиялысының сөзге қыры болғанымен, табанында бүрі жоқ. Нысанаға алған бетімен қасқайып тұрмай, жеме-жемге келгенде тайқып шыға береді. Осыдан кейін елдің шеті мен желдің өтінде тұратын ұлт азаматтары “қазақтың ұл-қыздары кімнен үлгі алуы тиіс?” деп ойлайсың. Ұрпаққа талғамды тәрбие, салиқалы саясат, салауатты өмір мен сындарлы тарихты қалыптастыратын қазіргі қоғамның келбеті неге мың құбылады? («Жас Алаш», 13.10.2011).* Бұл сөйлемнен байқағанымыз мақалдың еш стильдік өзгеріске түспей ақ автордың иелігіне айналған, экспрессивтілігі сөйлемге көркемдік сипат беріп тұр.

Тіліміздегі қанатты сөздерің эмоциялық әсері өте жоғары болады. Халық қазынасының осындай көркемдік үлгісі баспасөзде де кездесіп отырады. Олады айтылатын оймен орайластырып, дұрыс қолдана білсек, сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге бірден ұялай қалатындай дәл әрі ықшамды болады»- дейді Р. Сыздық [9., 112].

**Үйі жоқтың – күйі жоқ»** деген қанатты сөз бар қазақта. Осындай үйі жоқтарға үй алуға жәрдемдесіп, күйі жоқтардың күйін келтіруге көмектесіп жүрген «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» халықшыл демеі, кім дейміз?! («Жас Алаш», 22.10.2009).

Ядролық сынақтардан, экологиялық апаттар мен әлеуметтік-экономикалық проблемалардан көз ашаған семейліктердің билікке «өкпесі қара қазандай» екені белгілі. («Жас Алаш», 28.12.2010). «**Үйі жоқтың – күйі жоқ», «өкпесі қара қазандай»** деген қанатты сөздер халық нақылына айналып кеткен, ал автор оларды кейіпкерлерінің жай-күйі мен өз эмоциясын нақты әрі дәл жеткізу мақсатында қолданған. Автор осындай қолданыстарды қолдана отырып, сөйлемдегі стильдік бояуды қалыңдата түседі, эмоционалдық реңкін арттырады.

Аталмыш қанатты сөздерді белгілі бір автор қаламынан туындап, кейін жалпыхалықтық игілікке айналуы әбден мүмкін.

Сонымен қорыта келе мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер – экспрессивтілігі өте күшті, образдылығы жағынан маңызды қызмет атықаратын стильдік құрылымдар. Олар баспасөз беттерінде өзгермеген қаз-қалпында да, инварианттық құрылым түрінде де, адресант тарапынан өзгеріске ұшырап та қолданылады. Мұндағы осы жанрдың функционалдық стиліне орай, қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді эмоционалды әсерлі етіп шебер суреттеуде мол мүмкіндіктер береді. Жағымды эмоциялы фразеологизмдер мен жағымсыз эмоциялы фразеологизмдер адресанттың түрлі эмоциялық сипатын ашып, автордың сезім иірімдерін дәл әрі әсерлі етіп жеткізіп отырады. Сөзіміздің соңында отандық мерзімді баспасөздегі саяси дискурста эмоционалдылық пен экспрессивтілік тән екендігін және олар түрлі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер арқылы көрініп отыратындығы анықталды деген пікірге келеміз. Сондықтан баспасөз тіліне лингвистикалық талдау жасаған кезде, оған жалаң тілдік тұрғыдан емес, әлеуметтік, философиялық, психологиялық тұрғыдан келу орынды деп есептейміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы. Фил. ғыл. кан. дис. – 10.02.02. – 2000 ж.
- 2 Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. М: Просвещение, 1965.- с. 407.
- 3 Мұсабекова А.А. Қазіргі қазақ публицистикасында экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары. Фил. ғыл. канд. дис. 10.02.02. –Астана, 2004 ж
- 4 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
- 5 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: 2001.
- 6 Махмудов Х. Некоторые вопросы теоритической стили. Филологический сборник. Выпуск IV. – Алма-Ата: 1965.- С. 288.
- 7 Васильев Л.А. Семантика русского глагола. – М: Высшая школа, 1981, с.184.
- 8 Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1984.
- 9 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997, - 224 б.
- 10 І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977,- 711 б.

*References:*

1. Jaqsybaeva F.Z. Gazet mätininiñ pragmatikalıy funksiasy. Fil. ғыl. kan. dis. – 10.02.02. – 2000 j.
2. Gvozdev A.N. Oчерki po stilistike ruskogo iazyka. M: Prosvеshenie, 1965.- s. 407.
3. Mūsabekova A.A. Qazırgı qazaq publisistikasynda ekpressia men emosiany bildirudiñ tildik qūraldary. Fil. ғыl. kand. dis. 10.02.02. –Astana, 2004 j
4. Syzdyq R. Abaidyñ söz örnegi. – Almaty: Sanat, 1995. – 207 b.
5. Smağūlova G. Mağynalas frazeologizmder sözdıgi. – Almaty: 2001.
6. Mahmudov H. Nekotorye voprosy teoriticheskoi stili. Filologicheski sbornik. Vypusk IV. – Alma-Ata: 1965.- S. 288.
7. Vasilev L.A. Semantika ruskogo glagola. – M: Vyssaia škola, 1981, s.184.
8. Baitürsynov A. Şyğarmalar. – Almaty, 1984.
9. Syzdyq R. Söz qūdireti. – Almaty: Sanat, 1997, - 224 b.
10. I. Keñesbaev. Qazaq tiliniñ frazeologialyq sözdıgi. – Almaty: «Şylym», 1977,- 711 b.